

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part. – 2023. – Ч.2. – Б.63-68

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

ӘОЖ 338

*Жантелеуова Г.М., докторант
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.*

Қазіргі уақытта әлем бойынша қоғам мен экономиканың жаһандық трансформациясы жүріп жатыр. Индустрия қарқынды дамыған сайын, экономиканы цифрландыру маңызды рөл атқаруда. Қоғамның қалыптасуы жағдайында тиімді экономиканы құру үшін бизнес әлеуметтік, мәдени және экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуы және мүдделі болуы қажет. Осы орайда цифрлық трансформация идеясы – бұл жаһандық тренд. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасының дамуында әсер етуде.

Экономиканы цифрландыру барысында әлеуметтік жобаларды инвестициялау үшін кең перспективалар ашылуда. Әлемде әртүрлі платформалары арқылы жас кәсіпкерлер мен жоба менеджерлері арасында танымалдылық қарқынды өсуде. Цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістерін қолдану әлеуметтік саладағы жобаларды дамытуға ықпал етеді. Әлеуметтік инвестиция - бұл планетаның қоршаған ортасын ластайтын мұнай-газ, химия, биологиялық және басқа салалардағы ірі компаниялар үшін танымал инвестициялық объект. Сонымен қатар, әлеуметтік инвестициялар тиімсіз, мысалы, сауда секторында.

Қазір көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады. Әлемнің жетекші сарапшыларының болжамы бойынша 2025 жылға қарай әлемдік экономиканың төрттен бірі цифрлық болады және мемлекет, бизнес және қоғамның тиімді өзара әрекеттестігіне мүмкіндік беретін экономикаға цифрландыру технологияларын енгізу барған сайын ауқымды бағытқа айналуға масштабты және динамикалық процесс.

Әлемнің 15-тен астам елі цифрландырудың ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруда: Дания, Норвегия, Ұлыбритания, Канада, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Жаңа Зеландия және Қазақстан.

Цифрлық экономиканың дамуы әлеуметтік жобаларға инвесторларды тартудың жаңа көздерін ашуда. Краудфандингті - әлеуметтік кәсіпкерлер өз жобаларын қаржыландыру үшін белсенді пайдаланады. Ол банктердің, қорлардың және биржалардың қатысуынсыз қаржыландырудың демократиялық тәсілі ретінде белгілі. Краудфандинг – ерікті қатысуға негізделген ұжымдық қаржыландыру тәсілі. Бұл жағдайда жобаны соңғы пайдаланушылар қаржыландыратынын атап өткен жөн. Термин ағылшын тілінен екі сөзден шыққан: "crowd" - тобыр және "funding" - қаржыландыру. Басқаша айтқанда, қызығушылық танытқан адамдар тобы белгілі бір жобаны қаржыландырады [1].

Краудфандинг интернет-платформаларда жүзеге асырылады және платформадағы жобаға қызығушылық пен оның танымалдылығы, аудиториядағы сұранысын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жобаның жұмысының алгоритмі келесідей: жобаның тұжырымдамасы мен сипаттамасы платформада орналастырылады, мақсат пен міндеттер көрсетіледі, жобаны жүзеге асыру үшін қажетті сомма белгіленеді және бұл сомма қандай мерзімде жүзеге асырылуы керек жиналады [1].

Әлеуметтік кәсіпкерлікте краудсорсинг белсенді дамып келеді – бұл бизнестің, мемлекеттің және жалпы қоғамның алдында тұрған мәселелерді шешу үшін ақпараттық технологиялар арқылы адамдардың ресурстарын жұмылдыру [2]. Бұл әдістің мәні: жобаның ең аз сипаттаушы бөлігі мамандандырылған платформаға орналастырылады және платформаның пайдаланушысы жоба бастамашылары орындай алмайтын белгілі бір жұмыстарды орындауға шақырылады.

Краудсорсингтің артықшылығы бұл - қашықтағы жұмыс күшін пайдалану және жобаны жылдам масштабтау мен шығындарды азайту мүмкіндік береді. Жоба шеңберінде үлкен аудитория қамтылады Краудсорсингтің кемшілігі - жұмысты жасайтын адамдардың сенімсіздігі. Жұмысының нәтижесі жобаның бәсекелестерінен асып түспеуі мүмкін. Жоба орындаушылары жұмыс уақытын кешіктіріп, жобаның шарттарын бұзуы мүмкін [3].

Цифрлық әлеуметтік жобалардың санының артып келе жатқандығы, COVID-19 пандемиясы жағдайды қарқынды дами түсті. Цифрлық әлеуметтік кәсіпкерлік дамыған елдерде қарқынды дамыса, дамушы елдерде тиісті тәжірибесі жоқ. Дамыған елдерде белсенді жүргізілуі де және мұндай экономиканы құруда әлеуметтік кәсіпкерлікке маңызды рөл беріледі.

Цифрлық технологиялар қоғам мен экономикадағы трансформациялық өзгерістерге алып келеді. Технологиялық қайта құрулар динамикасы, үлкен есептеу қуатын және жаңа технологиялардың бірізді толқындарын ілгерілетуде. Интернет жүйесі, жасанды интеллект, 3D-принтинг, виртуалды модельдер мен робототехника және т.б. сияқты жаңа технологиялар экономиканың әр саласына өз әсерін тигізуде. Экономиканы цифрландыру басқарудың жақсы мүмкіндіктерін ұсынып, цифрлық трансформацияға алып келеді. Демек, экономиканы цифрландыру инновациялардың, бәсекеге қабілеттіліктің және өсудің драйвері ретінде қарастырады. Ол

кәсіпкерлермен шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) үшін орасан зор әлеуетке ие [4].


Технологияның белсенді дамуына байланысты әлеуметтік кәсіпкерлік бұрынғыдан да қарқын алуда. ЕО елдері негіздемелік бағдарламалар, құрылымдық және әлеуметтік қорлар арқылы ҒЗТКЖ (зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) дамытуға көбірек инвестиция салуға тырысады. ЕО алдында әлеуметтік кәсіпкерлікті ҒЗТКЖ-ға, атап айтқанда, әлеуметтік экономиканы жаңғыртуға ықпал ете алатын жоғары технологиялар саласына қосу бойынша күрделі міндет тұр. Оның үстіне, экономиканы цифрландыру жағдайында ЕО халықтың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға баса назар аударды. Болашақ жұмыс күші нарықта өз орнын алу үшін цифрлық дағдыларға ие болуы керек.

Цифрлық трансформация саласында әртүрлі елдердің басымдықтары әртүрлі. Қытай өзінің «Internet Plus» бағдарламасында цифрлық салаларды дәстүрлі салалармен біріктіруде. Сингапур «Ақылды экономика» құруда, Канада «Торонтода АКТ» салуда, Оңтүстік Корея «Шығармашылық экономика» бағдарламасында адами капиталды дамытуға бағыттап, кәсіпкерлік жетістіктерін таратуда, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға көңіл бөлуде.

Қазақстанда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу үшін цифрлық экожүйенің прогрессивті дамуы күтілуде. Қазақстанда 2005 жылы электронды үкіметтің қалыптасуы басталды.

БҰҰ аясында есептелетін АКТ дамуының негізгі әлемдік рейтингінде – ICT Development Index, – Қазақстан 2015 жылдан бері өзінің жағдайын өзгертпей, 2016 жылы 175-тің ішінен 52-орын алды. Бағдарламаны және өзге де стратегиялық бағыттарды іске асыру нәтижесінде еліміз рейтингте 2025 жылға қарай – 25-ші, 2050 жылға қарай – 15-ші орынға дейін көтеріледі деп жоспарлануда.

Цифрлық технологиялар саласындағы ұлттық экономикаларда цифрлық трансформацияларды ортақ нарық шеңберінде жүзеге асыру және жаһандық ауқымда бәсекеге қабілеттілікті дамытуды жеделдету қажеттілігін туындауда.



Сурет 1. «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы бес негізгі бағыты

ЕАЭО елдері негізгі бастамалары цифрлық процестерді синхрондау және тәжірибеде пайдалану болып табылады. ЕАЭО-ның цифрлық әлемде алатын орны мен мүмкіндіктері орасан зор.

Экономикадағы әлеуметтік жобалар мен қызметтерді цифрландыру жұмыстарына еңбек нарығын реттеу мен оған цифрлық технологияларды қолдану, өндірістік талаптар жүйесін бірыңғайландыру, стартаптар мен инновацияларды дамыту үшін технологиялық кластерлер қалыптасу, өнертапқыштар мен инвесторлар арасында белсенді өзара әрекеттесу, әлеуметтік жобаларды мемлекеттік деңгейде сәтті жүзеге асыру, технологиялық әртараптандыру, осының барлығы еліміздің экономикасын дамытудың жоғары қарқыны мен адами капиталдың дамуын қамтамасыз етеді.

Экономиканы цифрландыру кәсіпорындарға жаңа бизнес-модельдер жасауға көмектеседі. Экономиканы цифрландыру тәжірибесі кәсіпорындар қызметін әсіресе, КОВИД-19 пандемиясы кезінде жеделдетті. Тәжірибеден көріп отырғандай, оларға: үйден жұмыс істеу, электрондық оқыту, виртуалды туризм, онлайн сауда және т.б. жатады. Экономиканы цифрландыру әр түрлі елдердің немесе өңірлердің экономикасын цифрландыру үрдісіндегі құрылымдық, шекті өзгерістерді түсінуге бағыталады [5].

Әлемде цифрлық экономика пайдалану халықтың сұранысын қанағаттандыру мен уақыт үнемдеудің негізгі формасына айналды. Оның

жемісін көру үшін цифрлық дағдыларды қажет етеді. Қазіргі таңда халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылық деңгейі 76,2 пайызды құрайды – бұл жақсы көрсеткіш.

Алдын ала болжам бойынша, Қазақстан экономикасын цифрландырудың тікелей әсері 2025 жылға қарай 1,7-2,2 трлн. теңгені құрады, осылайша жеке инвестицияларды есепке алғанда инвестицияның жалпы көлемінен 2025 жылға қарай 4,8 – 6,4 есе қайтарымдылығын қамтамасыз ету мақсаты тұр.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы бизнесті цифралиризациялау мынадай бағыттарда жүзеге асырылуда:

- «Қағазсыз» қағиданы жүзеге асыру;
- Интеллектуалды көлік жүйесін құру;
- Электрондық коммерцияны дамыту;
- ШОБ үшін цифрлық платформа құру (бір терезе);
- Көлеңкелі айналымды азайту үшін тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу;
- Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту бойынша шаралар кешенін іске асыру;
- Кедендік және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және электронды декларациялауға көшу.

Цифрландыру экономикалық тиімділікке қол жеткізіп, бәсекеге қабілеттілікті арттырумен қатар әлеуметтік салаға да оң әсерін тигізеді. Білім берудің, денсаулық сақтаудың және инвестициялық ортаның сапалы дамуының әсері ұзақ мерзімді перспективада айқын болады және дамыған елдермен әлеуметтік-экономикалық жағынан алшақтықты азайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Позднякова, С.В. Краудфандинг в социальном предпринимательстве // Ученые записки Тамбовского отделения РoСМУ. 2015. №4. [Электронный ресурс]: <https://cyberleninka.ru/article/n/kraudfanding-vsotsialnom-predprinimatelstve>.
2. Эксперты назвали самые высокооплачиваемые профессии [Электронный ресурс] // РосБизнесКонсалтинг. – Режим доступа: <https://www.rbc.ru/rbcfreenews/5ca2f4f89a7947cd0f7b2175>.
3. Лагун, И.В., Поддержка социального предпринимательства: лучшие практики в России и в мире [Электронный ресурс] // Лагун, И.В., Богатырев, С.В. Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Государственное и муниципальное управление. 2018. №2. <https://cyberleninka.ru/article/n/podderzhkasotsialnogo-predprinimatelstva-luchshie-praktikiv-rossii-i-v-mire>.

4. Адель Бен Юссеф. «Цифрлық экономика және менеджмент» арнайы шығарылымы. [Электронный ресурс]: https://www.researchgate.net/publication/360240568_Call_for_Paper_Information_ISSN_2078-2489_ESCI_Scopus_Journal_-_Special_Issue_Digital_Economy_and_Management-deadline_31_January_2023

5. New Technologies And Digitisation: Opportunities And Challenges For The Social Economy And Social Economy Enterprises Executive Summary Elaborated by Q-PLAN International, [Text] /Manchester Institute of Innovation Research, UNU-MERIT September – 2020.